

РЕЗИДЕНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ІС БАСҚАРМАСЫ
МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ АУРУХАНАСЫ» ШЖҚ РМК

Астана, 2023

Мазмұны

1. Жалпы ережелер	3
2. Резидентураға қабылдау тәртібі	3
3. Түсу емтихандарын өткізу тәртібі	4
4. Апелляциялық комиссияның жұмыс тәртібі	4
5. Оқуға қабылдау тәртібі	5
6. Нормативтік сілтемелер	5
Қосымшалар	6-13

1. Жалпы ережелер

1. Осы резидентураға қабылдау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) ШЖҚ «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» РМК (бұдан әрі - Аурухана) резидентураға түсу тәртібін айқындайды.

2. Аурухана резидентурасының тыңдаушыларын қабылдау мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеу арқылы жүзеге асырылады.

3. Аурухананың резидентурасына тұлғаларды қабылдау түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

4. Шетелдіктерді Аурухананың резидентурасына қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

5. Шетел азаматтарын ақылы негізде Ауруханада оқуға қабылдау Аурухананың қабылдау комиссиясы күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 күн бұрын жүзеге асырылады.

6. Құжаттарды қабылдау және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін Ауруханада қабылдау комиссиясы, мамандықтар бойынша емтихан комиссиялары және апелляциялық комиссиялар құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы Аурухана директоры немесе оның міндетін атқарушы адам болып табылады.

Қабылдау комиссиясының құрамы Аурухана директорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

Қабылдау комиссиясы:

1) оқуға түсушілерге резидентураның таңдаған білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беру, түсу емтиханының рәсімімен танысуды;

2) оқуға түсушілердің құжаттарын қабылдауды және тексеруді ұйымдастыруды;

3) мамандықтар бойынша түсу емтиханын өткізуді ұйымдастыруды жүзеге асырады.

2. Резидентураға қабылдау тәртібі

7. Резидентураға жоғары медициналық білімі туралы дипломы және «дәрігер» біліктілігін көрсететін құжаты бар адамдар қабылданады.

8. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларына сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен танылады немесе нострификацияланады.

9. Аурухананың резидентурасына түсуші тұлғалар келесі құжаттарды тапсырады:

- осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Аурухана директорының атына өтініш;

- жоғары білім туралы құжаттың түпнұсқасы қосымшаның көшірмесімен бірге;

- интернатураны бітіргені туралы куәліктің көшірмесі;

- Денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының көшірмесі;

- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

- 3 x 4 см. алты фотосурет;

- Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес медициналық анықтама;

- кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақша;

- еңбек өтілі бар адамдар үшін еңбек кітапшасы;

- ғылыми-зерттеу жұмыстарының тізімі (бар болған жағдайда);

- соңғы жұмыс/оқу орнынан басшының/кафедра меңгерушісінің/деканның ұсыныс хаты, қол қойылған және мөрмен расталған;

- шарт жасасуға және оқу шығыстарын төлеуге кепілдік беретін хат (шарт негізінде түсетін адамдар үшін);

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге оқуға түсушінің қатысуымен жүргізілетін салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстырып тексеру жүргізілгеннен кейін құжаттардың түпнұсқалары қайтарылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда қабылдау комиссиясы оқуға түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

10. Барлық құжаттар құжат тігілетін папкаға тігіледі, парақтар нөмірленеді және құжаттар тізімдемесіне енгізіледі. Титул парағында мыналар болуы керек:

- үміткердің аты-жөні (толығымен);
- мамандығы;
- үйінің мекенжайы, байланыс телефондары, электрондық мекенжайы;
- түскен жылы.

11. Резидентураға түсу үшін құжаттарды Аурухананың қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 03-25 шілдесі аралығында қабылдайды.

12. Үміткерлер туралы деректер Аурухананың резидентурасына түсушілердің дерекқорына енгізіледі. Үміткерге осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

13. Құжаттарды қабылдау үміткерлердің өтініштерін қабылдау журналында тіркеледі.

14. Резидентураға қабылдау емтихандары күнтізбелік жылдың 08-16 тамызы аралығында, қабылдау күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін жүргізіледі.

15. Қажетті ақпаратты Аурухананың www.bmcudr.kz интернет-ресурсынан Ғылым және білім/ Кәсіптік білім беру бөлімі/ Резидентура/ Оқуға түсушілерге/ бөлімінде алуға болады.

3. Түсу емтихандарын өткізу тәртібі

16. Резидентураға түсуші тұлғалар мамандық бейіні бойынша түсу емтиханын тапсырады.

Резидентура мамандығының бейіні бойынша түсу емтиханын Аурухана дербес өткізеді.

Оқуға түсуші мамандығы бойынша қабылдау емтиханын Ауруханада тапсырады.

Резидентураға түсу емтихандарын өткізу кезеңінде Ауруханада мамандықтар бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

17. Мамандықтар бойынша емтихан комиссиясы медицина ғылымдарының докторы және (немесе) кандидаты ғылыми дәрежесі және (немесе) тиісті бейіні бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі бар Аурухана оқытушыларының, жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, мамандығы бойынша жоғары және (немесе) бірінші біліктілік санаты бар практикалық дәрігерлердің қатарынан қалыптастырылады.

18. Мамандық бойынша емтихан комиссиясының құрамы төраға мен Аурухана қызметкерлерінің қатарынан комиссия мүшелерінен тұрады және Аурухана директорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі. Бақылаушылар ретінде практикалық денсаулық сақтау дәрігерлері мен білім алушылар тартылуы мүмкін.

19. Мамандық бойынша түсу емтиханы жоғары білім мамандығы бойынша үлгілік бағдарламалар негізінде қалыптастырылады және емтихан тапсыру кестесіне сәйкес ауызша/жазбаша нысанда жүргізіледі (3-қосымша).

20. Оқуға түсу емтихандарына дәлелсіз себептермен келмеу «0» баллмен бағаланады.

21. Мамандық бойынша түсу емтиханының нәтижелері бойынша Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес емтихан алушының бағалау парағы және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес төраға мен Комиссияның барлық мүшелері қол қойған мамандық бойынша түсу емтиханының ведомосы ресімделеді.

22. Қабылдау комиссиясы түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурс негізінде әрбір кандидат бойынша шешім шығарады. Түсу емтихандарының нәтижелері олар өткізілген күні жарияланады. Түсу емтихандарын қайта тапсыруға жол берілмейді.

4. Апелляциялық комиссияның жұмыс тәртібі

23. Қабылдау емтихандарының нәтижелерімен келіспеген адамдардың өтініштерін қарау үшін Аурухананың апелляциялық комиссиясы құрылады.

Ауруханадағы апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы Аурухана директорының немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрығымен бекітіледі.

24. Апелляциялық комиссия резидентураға түсетін адамдардан емтихан материалдарының мазмұны және техникалық себептер бойынша өтініштерді қабылдайды және қарайды.

Апелляциялық комиссия мамандық бойынша түсу емтиханының нәтижелерін апелляцияға берген тұлғаға балл қосу туралы шешім қабылдайды.

25. Апелляцияға өтінішті осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес резидентураға түсетін тұлға апелляциялық комиссия төрағасының атына береді. Емтихан материалдарының мазмұны және техникалық себептер бойынша өтініштер түсу емтиханының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

Апелляциялық комиссия әрбір тұлғамен жеке тәртіпмен жұмыс істейді. Адам апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

26. Апелляциялық комиссия өтінішті қараған кезде апелляцияға берген тұлға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

27. Апелляциялық комиссиялардың шешімдері Комиссия мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссиялардың жұмысы осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес төраға және Комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

5. Оқуға қабылдау тәртібі

28. Резидентураға қабылдау Қабылдау комиссиясының хаттамасы негізінде жүзеге асырылады және Аурухана директорының немесе оның міндетін атқарушының бұйрығымен бекітіледі, ол Аурухананың интернет-ресурсында және қабылдау комиссиясының ақпараттық стенділерінде жариялау арқылы үміткерлерге жеткізіледі.

29. Ақылы түрде резидентураға қабылдау білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша бағалаудың 100-баллдық жүйесін 5-баллдық бағалау жүйесіне ауыстыру шәкілінің (шкала) тізбесіне сәйкес ықтимал 100 баллдан кемінде 75 балл жинаған білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша жүзеге асырылады.

30. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға түсу емтиханы бойынша ең жоғары, бірақ кемінде 75 баллдан жоғары жинаған адам конкурстық негізде қабылданады.

31. Конкурстық баллдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда қабылдау кезінде дәрігерлік өтілі бар адамдар басым құқыққа ие болады. Содан кейін білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін ғылыми жетістіктер: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде рейтингтік ғылыми басылымдарда; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендиялар, гранттар беру туралы сертификаттар; ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін грамоталар/дипломдар ескеріледі.

32. Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде резидентураға оқуға түскен азаматтар жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған өңірдің денсаулық сақтау ұйымдарында кемінде үш жыл жұмыс істейді.

33. Аурухана резидентураға қабылданғаннан кейін күнтізбелік 10 күн ішінде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдарға осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес қабылдауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті және мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша резидентураға қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесін ұсынады.

34. Оқуға қабылданған үміткерлер Ауруханамен білім беру қызметтерін көрсетуге шарт жасасады.

6. Нормативтік сілтемелер

35. Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

- «Білім туралы» ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі;
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы;
- «Резидентурада мемлекеттік тапсырысты орналастыру, оқуға қабылдау және медицина кадрларын даярлау қағидаларын бекіту туралы» ҚР ДСМ 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-270/2020 бұйрығы.

**Қабылдау комиссиясының төрағасына
«Қазақстан Республикасы Президентінің
Іс басқармасы Медициналық
орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК
директоры**

_____ азаматтан
(тегі, аты-жөні)

_____ тұратын
(мекенжайы)

байланыстар _____
(телефон нөмірі)

_____ (электрондық адрес)

_____ бітірген
(оқу орнын бітірген жылын, атауын,
мамандығын, біліктілігін көрсету)

ӨТІНІШ

7R011 Денсаулық сақтау даярлау бағыты бойынша резидентураға

_____ (білім беру бағдарламасының атауы)

білім беру бағдарламасы бойынша бюджеттік негізде / шарттық негізде оқу мерзімі _____ жыл
(керегінің астын сызу керек)

түсу үшін менің құжаттарымды қабылдауды және мамандық бойынша түсу емтиханын тапсыруға жіберу сұраймын.

Өзіңіз туралы қосымша:

Азаматтығы: _____
(ел)

GPA (интернатура): _____ GPA (қорытынды аттестаттау): _____

Жалпы еңбек өтілі: _____
(еңбек кітапшасы бойынша)

Отбасылық жағдайы: _____

Отбасы құрамы (аты-жөні, тұрғылықты жері, телефон нөмірі):

20 ____ ж. «__» _____
(қолы)

**білім беру бағдарламасы бойынша құжаттарды қабылдау туралы
№ _____ ҚОЛХАТ**

_____ үміткерден

(тегі, аты-жөні)

Қабылданған құжаттар:

1. Аурухана директорының атына өтініш;
2. ЖОО бітіргені туралы дипломның түпнұсқасы қосымшаның көшірмесімен бірге;
3. интернатураны бітіргені туралы куәліктің көшірмесі;
4. жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
5. 3 x 4 см алты фотосурет;
6. медициналық анықтама (флюорографиядан өткені туралы карточкасымен);
7. кадрды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы;
8. еңбек өтілі бар тұлғалар үшін еңбек кітапшасының көшірмесі;
9. ғылыми-зерттеу жұмыстарының тізімі (бар болған жағдайда);
10. соңғы жұмыс/оқу орнынан бас дәрігердің, ұйым басшысының/кафедра меңгерушісінің, деканның ұсыныс хаты (қолы ұйымның мөрімен куәландырылуы тиіс);
11. денсаулық сақтау саласындағы маман (дәрігер) сертификатының көшірмесі;
12. шарт жасасуға және оқу шығыстарын төлеуге кепілдік беретін хат (шарт негізінде түсетін тұлғалар үшін).

Түсетін _____
(үміткердің аты-жөні) (қолы) (күні)

Қабылдады _____
(қызметкердің аты-жөні) (қолы) (күні)

білім беру бағдарламасы бойынша

_____ үміткердің құжаттар

(тегі, аты-жөні)

ТІЗІМДЕМЕСІ

1. Аурухана директорының атына өтініш;
2. ЖОО бітіргені туралы дипломның түпнұсқасы қосымшаның көшірмесімен бірге;
3. интернатураны бітіргені туралы куәліктің көшірмесі;
4. жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
5. 3 x 4 см алты фотосурет;
6. медициналық анықтама (флюорографиядан өткені туралы карточкасымен);
7. кадрды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы;
8. еңбек өтілі бар тұлғалар үшін еңбек кітапшасының көшірмесі;
9. ғылыми-зерттеу жұмыстарының тізімі (бар болған жағдайда);
10. соңғы жұмыс/оқу орнынан бас дәрігердің, ұйым басшысының/ кафедра меңгерушісінің, деканның ұсыныс хаты (қолы ұйымның мөрімен куәландырылуы тиіс);
11. денсаулық сақтау саласындағы маман (дәрігер) сертификатының көшірмесі;
12. шарт жасасуға және оқу шығыстарын төлеуге кепілдік беретін хат (шарт негізінде түсетін тұлғалар үшін).

Түсетін _____
(үміткердің аты-жөні) (қолы) (күні)

Қабылдады _____
(қызметкердің аты-жөні) (қолы) (күні)

Резидентураға түсу емтиханын өткізу кестесі

Білім беру бағдарламасының атауы	Емтиханды өткізу күні	Емтиханды өткізу уақыты	Емтихан өткізілетін орын

Басшы _____
(қолы) (аты-жөні)

«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының
ауруханасы» ШЖҚ РМК

«7R011 Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша

« _____ »

білім беру бағдарламасы бойынша резидентураға түсу емтиханының

№ _____ бағалау парағы

20 ____ жылғы « ____ » _____

№	Үміткердің аты-жөні	билеттің №	Сұрақтарға БРӘЖ шкаласы бойынша баға		
			Резидентураға түсу емтиханын бағалау (1 билет сұрағы)	Резидентураға түсу емтиханын бағалау (2 билет сұрағы)	Резидентураға түсу емтиханын бағалау (3 билет сұрағы)

Емтихан комиссиясының төрағасы:

(қолы)

(аты-жөні)

Білім беру бағдарламасы бойынша емтихан комиссиясының мүшелері:

(қолы)

(аты-жөні)

(қолы)

(аты-жөні)

(қолы)

(аты-жөні)

«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының
ауруханасы» ШЖҚ РМК

«7R011 Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша

« _____ »
білім беру бағдарламасы бойынша резидентураға түсу емтиханының
№ _____ ведомость

20__ жылғы «__» _____

№	Үміткердің Т. А. Ә.	1	2	3	4	5	Орташа балл	
		Интернатура GPA	ҚА бағалау	Резидентураға түсу емтиханын бағалау (1 билет сұрағы)	Резидентураға түсу емтиханын бағалау (2 билет сұрағы)	Резидентураға түсу емтиханын бағалау (3 билет сұрағы)	балл	%
1								
2								
3								

Емтихан комиссиясының төрағасы:

(қолы)

(аты-жөні)

Білім беру бағдарламасы бойынша емтихан комиссиясының мүшелері:

(қолы)

(аты-жөні)

(қолы)

(аты-жөні)

(қолы)

(аты-жөні)

**Апелляциялық комиссия
төрағасына**

_____ (төрағаның аты-жөні)

_____ (үміткердің аты-жөні)

**Жеке басын куәландыратын
күжаттың
№, _____**

Апелляцияға өтініш

«7R011 Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша

білім беру бағдарламасы бойынша маған қойылған резидентураға емтихан нәтижелерін қайта қарауды сұраймын, себебі: (тапсырма дұрыс емес/ оқу бағдарламасына сәйкес келмейді/ немесе апелляцияның басқа себебін көрсету)

_____ (күні)

_____ (қолы)

«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының
ауруханасы» ШЖҚ РМК

20 __ жылғы «__» _____
Апелляциялық комиссия хаттамасы

КОМИССИЯ ҚҰРАМЫ:

Апелляциялық комиссияның төрағасы:

аты-жөні _____

Апелляциялық комиссия мүшелері:

аты-жөні _____

аты-жөні _____

аты-жөні _____

Апелляциялық комиссия хатшысы:

аты-жөні _____

Апелляциялық комиссиясының құрамы директордың 20__ жылғы «__» _____ № _____
бұйрығымен бекітілген.

Отырыста _____ білім беру бағдарламасы бойынша
_____ үміткердің өтініші талқыланды

Апелляциялық комиссияның шешімі:

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Үміткер емтиханды _____ бағасымен тапсырды деп есептелсін

Апелляциялық комиссияның төрағасы:

(қолы)

(аты-жөні)

Апелляциялық комиссия мүшелері:

(қолы)

(аты-жөні)

(қолы)

(аты-жөні)

(қолы)

(аты-жөні)

